

**6D010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Кенесбекова Салтанат Амангельдикзызының
«Болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына реєсми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жарап нұсқаларының бірін сизу)	Ресми рецензенттің ұстанымыша негізде (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) <u>диссертация</u> <u>Қазақстан Республикасының</u> <u>Үкіметі жаңындағы</u> <u>Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен</u> <u>ғылым дамуының</u> <u>басым бағытына</u> <u>сәйкес (бағытын</u> <u>көрсету)</u> келеді.</p>	<p>1.1 Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығы. – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. – Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі» туралы Заңы. (27.12.2019. №293- VI ҚРЗ). <p>1.1.3 Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін</u> <u>косады/қоспайды</u> , ал оның <u>маңыздылығы</u>	Бастауыш сыйнып оқушыларын оқыту, дамыту және тәрбиелеумен қатар, олардың жеке тұлғалық тұрғыда дамуы педагогикалық әрекеттің

		<u>ашылған/ашылмаған</u>	манызды міндеттерінің бірі болып табылады. Ал, оқушыны үнемі ізденістегі мұғалім ғана толыққанды дамытатыны белгілі. Әдette кәсіби іс-әрекетін жаңа бастаған жас маман мектеп алдында тұрган күрделі міндеттерді жүзеге асыруға әлі де қауқарсыз болады. Жоғары окуорның базалық кәсіби білімнің теориялық бөлімін игеріп, кәсіби іскерліктік алғашқы қарашайым дағдыларын меңгерген жас маман өздік білім алуды бірден сауатты жалғастырып кете алмай жатқандығы белгілі. Осы орайда докторант болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттардың анықтап, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуда дағылған
			даярлаудың педагогикалық шарттардың анықтап, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуда дағылған
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу деңгейі – жоғары. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау мәселесіне қатысты теориялық және эмпирикалық зерттеулерді талдауда, сондай-ақ, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында қолданған әдістемелерінің нәтижесін сенімді де накты дәлелдер арқылы көрсетуден байқалып тұр.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесi: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Өзіндік білімді көтеру - бұл кез-келген кәсіпте жұмыс істейтін адамның шығармашылық, жауапкершілігі, адамның қажеттілігі. Қогам әрқашанда мұғалімге жоғары талап қояды. Біреуді үйрету үшін, өзің үйренушіден көп білуің керек. Жаңа түрпатта мұғалім тек өз пәнін білумен ғана шектелмейді, әдістемені, жақын ғылымдарды, қоғам өмірін, саясатты, экономиканы білуі керек. Себебі оның алдындағы оқушылар өзгереді, уақыт

			<p>өзгереді, оқушының қоғам, қоршаган орта туралы көзқарастары тереңдейді. Жоғарғы мектеп қабырғасындағы өздік білім алу – кәсіби білім игеру түрінде жүреді және жетекші оку әрекетіне айналады. Бакалавр дәрежесінде кәсіби академиялық білім игеру өздік білім алу әрекетінсіз жузеге асуы мүмкін емес. Осы тұргыдан алғанда, докторант Кенесбекова Салтанат Амангельдикзының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» тақырыбындағы диссертациясында бүгінгі күннің өзекті мәселесі негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұнында екі болім ұсынылған. 1-ші бөлім «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың теориялық негізі» деп аталып, онда жоғары оку орнында болашақ мұғалімдерді өздік білім алуға даярлаудың мәні ашылдып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлауға жағдай туғызатын педагогикалық шарттар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі ұсынылған. 2-ші бөлім «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» деп аталып, онда жоғары оку орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау жағдайы талданып, зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген эксперименттік жұмыс мазмұны және нәтижелері ұсынылған. Докторант Кенесбекова Салтанат Амангельдикзы жазған диссертация мазмұны «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» диссертация тақырыбын толығымен айқындайды. Диссертацияның ғылыми аппараты диссертацияның тақырыбы мен мазмұнына сәйкес келеді және логикалық бірізділікті, ғылыми бірлікті, жүйелілікті, теория мен практиканың бірлігін айқындайды.</p>

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсат пен міндеттері диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келеді. Олай дейтініміз, тақырыпка сай зерттеудің мақсаты анықталатын педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделін теориялық тұрғыдан негіздеу және сынаптан өткізу алынған. Міндеттер дәйекті және ғылыми зерттеу жүргізу логикасын толықтай көрсетеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде бір-бірмен толық байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, зерттеу нәтижелері диссертация мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау мәселесі</p> <p>теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделіп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлауға жағдай туғызатын педагогикалық шарттар: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің мазмұндық жүйеленуі, студенттердің болашақ мамандығына деген тұрақты қызығушылықтарының артуы, профессор-окытушылар кұрамының болашақ мамандарды өздік білім алуға бағыттайтын кәсіби әрекеттерінің белсендендірілуі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздік білім алу маңызын түсінуі деп анықталып, өзара байланысты: мақсат, тұғыр, ұстаным; компоненттер, педагогикалық шарттар, құралдар; деңгейлер мен нәтижеден тұратын болашақ бастауыш сынып</p>

			<p>мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі жасалған.</p> <p>Докторант жоғары оку орнында болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау жағдайын анализдеу арқылы экспериментке дейінгі бастапқы жағдайына түжырым жасаған.</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	<p>1-нәтиже – толығымен жаңа. Автор түрлі фылыми-теориялық негізdemелерді басшылыққа алып, жүйелілік, жеке тұлғалық, іс-әрекеттік тұғырларға сүйене отырып, болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау теориялық тұрғыда негізделген, «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұны нақтыланған.</p> <p>2-нәтиже – толығымен жаңа. Автор тақырып аясында зерттелген жұмыстарды талдай отырып, болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын: болашак бастауыш сыйнып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің мазмұндық жүйеленуі, студенттердің болашақ мамандығына деген тұрақты қызығушылықтарының артуы, профессор-окытушылар құрамының болашақ мамандарды өздік білім алуға бағыттайтын кәсіби әрекеттерінің белсендендірілуі, болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің ұйымдастырылуы, болашақ бастауыш сыйнып мұғалімдерінің өздік білім алу маңызын түсінуі деп анықтаған.</p> <p>3-нәтиже – толығымен жаңа. Автор В.А. Штофф, Н.М. Борытко, В.С.Ильин, Е.Е.Чудина және т.б. модельдеу теорияларын талдай отырып, өзара байланысты түжырымдамалық-мақсатты блоктан:</p>

		<p>мақсат, тұғыр, ұстаным; мазмұнды- үйымдастырушылық блоктан: компоненттер, педагогикалық шарттар, құралдар; бағалау-нәтижелілік блоктан: деңгейлер мен нәтижеден тұратын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделін жасалған.</p> <p>4-нәтиже – толығымен жаңа. Зерттеу барысында анықталған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделі эксперименттен алғаш рет өткізіліп, зерттеу нәтижелері ұсынылған.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25- 75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнның сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен ерекшеленеді және толығымен жаңа болып саналады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25- 75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Докторант ғылыми нәтижеге жету үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау жолында сатыланып жоспарланған іс- әрекетті жүзеге асырған. «Өздік білім алу негіздері» элективті курсты дайындау, жүргізу барысында мақсатты қою технологиясын, оқытудың интерактивті технологиясын, критикалық ойлау дамуының технологиясын, оқытуды жекелендіру және дифференциялау технологияларын қолданған. Технологиялық шешімін - ішінара жаңа (25-75% жаңа) деп санауға болады.</p> <p>Автордың ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау үдерісінің ғылыми- тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру</p>

			актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негіздел меген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Автор ұсынған негізгі қорытындыларда жоғары мектеп педагогикасы мен бастауыш білім беру педагогикасының теориялық негізі, журғізілген ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижелері ескеріліп, ауқымды түрде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидалар	<p>Әрбір қағида бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда қағиданың дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жоқ;</u> 3) бұл тұжырымда қағиданың тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия;</u> 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда қағиданың жаңашылдығын</p>	<p>1 қағида, «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұнын нақтылауға мүмкіндік берген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың теориялық негізі дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі – кең, «Студенттердің өздік білім алуы маңызды педагогикалық мәселе ретінде» (Заманауи білім ортасы: жаңашылдық, тәжірибе, келешек: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. -Қарағанды: Қарағанды «Bolashaq» жоғары колледжі жеке меншік мекемесі.- 2020 ж. - -Б. 679-683.) мақаласында дәлелденген.</p> <p>2 қағида, өздік білім алуға жағдай жасайтын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттары дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі – кең, «Педагогические условия самообразования» (Теоретические и прагматические аспекты становления человека в образовательном</p>

		тексеру мүмкін емес.	пространстве: Сборник научных материалов международной научно-практической конференции. – Москва: МГУТУ имени К.Г. Разумовского (ПКУ), ООО «Ваш формат», - 2020 г. - С.190-193); «Organizational-Pedagogical Conditions for the Preparation of Future Primary School Teachers for Self-Learning» (Opcion: Revista de Ciencias Humanas y Sociales.-2019.-Especial 20. P.2899-2921) мақалаларында дәлелденген. 3 қағида, өздік білім аудың мүмкіндігін көрсететін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі – кең, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың теориялық аспектісі» (Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы.- Педагогика ғылымдары сериясы. – Алматы, 2019. - №4 (64). - Б. 295-303) мақалада дәлелденген. 3 қағида, өздік білім аудың тиімділігін көрсететін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделін ендіру дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі – кең, «Pedagogical Technologies in Preparing of Future Primary School Teachers for Self-Education» (Talent Development & Excellence. -Vol.12, No.1, 2020. P.- 694-709.) мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты Дереккөздер мен Ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>иля</u> ; 2) жок.	Зерттеу әдіснамасы негізделген, зерттеу әдістері зерттеу мәселесі бойынша іргелі философия, әлеуметтану, психология, педагогика, мәдениеттану әдебиет көздеріне талдау жасау, студенттердің оқу іс-әрекетін бақылау; болашақ педагогтар, профессор-оқытушылар құрамы, мектеп мұғалімдері арасында сауалнама жүргізу, тестілеу, әңгімелесу; педагогикалық эксперимент; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына, оқу жоспарлары

			<p>мен бағдарламаларына сараптама жасау; ұлғілеу, педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және қорыту, алынған нәтижелерді статистикалық-математикалық өндөу зерттеу міндеттеріне сай қолданылған.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иј</u> ; 2) жок.	<p>Диссертациялық жұмыс нәтижелері заманауи зерттеу әдістерін қолдану, деректерді өндөу, компьютерлік технологияларды қолдану, интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Бұған дәлел ретінде автордың диссертация тақырыбындағы негізгі үгымдарға: «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» авторлық анықтама бергенін және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау алгоритмін жасағанын айтуда болады. Зерттеу нәтижесінде алынған статистикалық қатынасты корсету үшін Пирсонның корреляция коэффициентін есептеу әдісін қолданған. Осыған байланысты диссертациялық жұмыстың нәтижелері жеткілікті деңгейде толық түсіндірілген.</p>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иј</u> ; 2) жок.	<p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың теориялық қорытындылары, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері эксперименттік жұмыс зерттеулермен дәлелденген және расталған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс академик Е.А. Бекетов атындағы Караганды университетінің және «Болашақ» академиясының «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқытын білім алушыларға жүргізілген.</p>

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімдіғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Автор негізгі мәлімдемелер бойынша зерттеу мәселесіне қатысты Қазақстан Республикасының заңдық және нормативтік құжаттарына, ғылыми зерттеу жұмыстарына, оку-әдістемелік әдебиеттерге, халықаралық рецензияланған журналдардағы жарияланымдарға сілтемелер жасаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u> .	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын өзекті және сенімді дереккөздер саны – 149.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар деп есептейміз. Өйткені автор: 1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау мәселесін теориялық түргыда негізден, «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұнын нақтылаған. 2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтаған. 3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделін жасаған. 4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделін эксперименттен еткізген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иля</u> ; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы оку орындарының бастауыш сынып мұғалімін дайындастырып факультеттері мен бөлімдерінде, мектептерде, педагог кадрлар біліктілігін жоғарылату жүйесінде пайдалануға әбден болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен</u> жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан	Зерттеу жұмысы аясында автор университет ректорлары мен факультет декандарына: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау мақсатында зерттеу барысында жүйеленген және эксперимент арқылы тиімділігі


		кем).	дәлелденген процесс бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орны процесіне жаппай енгізілсе; студенттердің болашақ мамандығына деген қызығушылықтарының тұрақты артуына мүмкіндік туғызатын педагогикалық іс-шаралар ұйымдастырылып тұрса; ПОҚ ның болашақ мамандарды өздік білім алуға бағыттайтын кәсіби әрекеттерінің белсенділігін арттыратын ғылыми зерттеу жұмыстары көбірек жазылып, насиҳатталса; болашақ бастауыш сынып мұғалімдері өздік білім алу маңызын түсінуі үшін даярланған элективті курс әр оқу жылында студенттер назарына ұсынылып, таңдау пәніне ілігетіндей ықпал жасалса; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздік білім алу әрекеттері тиімді іске асуы үшін осыған жағдай жасайтын ортақалықтары ашылса деген практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы –жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс, ғылыми стильді ұстанған, жүйелік құрылымы сақталған, сілтемелерді орынды әрі дәл қолданған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		– Диссертация мазмұнында ұсынылған «Өздік білім алу негіздері» элективті курс мазмұны диссертация қосымшасы ретінде берілсе дұрыс болар еді. Жоғарыда көрсетілген ұсыныс ескертпе зерттеу жұмысының маңыздылығын, теориялық және практикалық құндылығын еш төмендетпейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		Кенесбекова Салтанат Амангельдикзының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» тақырыбындағы диссертациясының теориялық және эксперименттік бөліміндегі нәтижелері жақын шет ел, альс шет ел және Қазақстанда откен

		<p>респубикалық, халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда (Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – Астана, 2019. - №2 (76). - Б. 106-110.; ҚарМУ Хабаршысы.- Педагогика сериясы. – Қарағанды, 2019. - №3 (95). - Б. 55-64.; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы.- Педагогика ғылымдары сериясы. – Алматы, 2019. - №4 (64). - Б. 295-303; ҚарМУ Хабаршысы.- Педагогика сериясы. – Қарағанды, 2024. - №1(113). - Б. 175-181.); «Scopus» ақпараттық базасына енген журналда (Journal of Education and e-Learning Research. -Vol. 11. -No. 2., -2024. -P. 357-365); Қазақстанның және алыс шет елдің өзге журналдарында ұсынылған және жарық корген, 1 оку-әдістемелік құралын, 1 электронды оку-әдістемелік құралын шығарған.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі	<p>Философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы қорытынды:</p> <p>Кенесбекова Салтанат Амангельдикзызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оздік білім алуға даярлау» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің диссертацияға қойған талаптарына толығымен сәйкес келеді және оның авторы «6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санап, осының негізінде философия докторы (PhD) дәрежесін беру керек деген ұсыныс білдіремін.</p>

Ресми рецензент,

Философия докторы (Phd),
Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Педагогика» кафедрасының аға оқытушысы



20.12.2024 ж.